



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 21 маусым

Данияр Ақышев – «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң жобасын қабылдау елден ақшаның әкетілуіне қарсы іс-қимылды күшейтуге мүмкіндік береді

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заң жобасын қабылдаудың негізгі міндеті валюталық операциялар мониторингін кеңейту және Қазақстан аумағындағы есеп айырысуларда шетел валютасын қысқарту болып табылады. Заң жобасын қабылдау қарапайым азаматтарға әсер етпейді, себебі валюталық реттеудің ырықтандырылған қағидаттары сақталған. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол заң жобасы шеңберінде негізгі түзетулерді атап өтті.

«Бірінші – бұл шетелдік ұйымдардың филиалдарын резиденттер ретінде тану. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес шетелдік ұйымдардың филиалдары бейрезиденттер ретінде Қазақстанда валюталық операцияларды жүзеге асыруға құқылы. Олардың Қазақстан тұлғаларымен есеп айырысуын теңгеге ауыстыру ұсынылады», - деді Д. Ақышев. Ол осы түзетулердің жергілікті компаниялар мен шетелдік ұйымдардың филиалдары үшін бизнес жүргізудің тең талаптарын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Келесі – бұл валюталық операциялар туралы ақпарат жинау рәсімдерін жеңілдете отырып бейрезиденттермен валюталық операцияларды қамтуды кеңейту», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы. Ол тіркеу мен хабарлаудың күрделі режимі жойылатынын атап өтті. Олардың орнына валюталық шарттарды бірыңғай есептік тіркеу енгізіледі.

Заң жобасында ақшаны елден әкету белгілері бар валюталық операциялардың тізбесін енгізу арқылы елден ақшаның әкетілуіне қарсы іс-қимылды күшейту көзделеді. Ол мұндай белгілерге ақшаның Қазақстандағы шотқа түсуін көздемейтін қаржылай қарыздар, сондай-ақ пайызсыз қарыздар, 720 күннен астам мерзімге берілетін коммерциялық кредиттер жататынын түсіндірді.

Д. Ақышевтың айтуынша, елден ақшаның әкетілуіне қарсы іс-қимылды күшейтуге мемлекеттік кіріс органымен белсенді ақпараттық және өзге де өзара іс-қимыл ықпал етеді. «Ақпаратпен тиімді алмасу түрлі мемлекеттік органдарға бір мәміле бойынша жалған мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді», - деп хабарлады ол.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заң жобасының шеңберінде Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті арасындағы мәліметтер алмасу бойынша қарым-қатынастар реттеледі.

Сонымен қатар Д. Ақышев Қазақстандағы валюталық құндылықтардың айналыс тәртібін нақтылауды бөлек атап өтті. Ол заң жобасында банктік емес айырбастау пункттеріне Ұлттық Банктің шағын құймаларын сатып алу және сату құқығы ұсынылатынын айтып берді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы түзетулердің жоспарлы екендігін және ағымдағы өзгерістерге, оның ішінде «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының құрылуына, сондай-ақ Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне байланысты екендігін атап өтті.

Данияр Ақышев қаржы институттарын формалды қадағалаудан тәуекелге бағдарланған қадағалауға көшу туралы айтып берді

Қолданыстағы қадағалау шектеулі және формалды болып табылады. Егер формалды түрде заңнама талаптары бұзылмаса Ұлттық Банктің операцияларды тоқтатуға мүмкіндігі болмайды. Алайда қаржы ұйымы тұрақтылығының нашарлау тәуекелі бар. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол бұл алдын алу тәртібінде банктердің жосықсыз операцияларды жүргізуін анықтауға және жүйелі проблемалардың орын алуын жоюға мүмкіндік бермейтінін атап өтті.

«Заң жобасында Ұлттық Банк тарапынан тәуекелге бағдарланған қадағалау енгізу ұсынылады. Оның шеңберінде уәжді пайымдау институты пайдаланылады. Ол қолданыстағы формалды талаптарға қоса кәсіби бағалауды көздейді», - деді Д. Ақышев.

Ол уәжді пайымдау мынадай салаларда пайдаланылатынын атап өтті: менеджмент пен акционерлерді келісу; құрылған провизиялардың барабарлығын бағалау; банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларды анықтау; тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін бағалау.

«Заң жобасында тәуекелге бағдарланған қадағалауды қолдану және сотқа дейін шағымдану рәсімі жан-жақты реттеледі. Қаржы институттары, бұрынғысынша, Ұлттық Банктің шешімдеріне сот тәртібімен шағымдана алады», - деп түсініктеме берді Д. Ақышев.

Данияр Ақышев онлайн-кредиторларды реттеу және жинақ салымдарын енгізу туралы айтып берді

Ұлттық Банк халықты өсім алудан нақты қорғауды қамтамасыз ету қажет деп санайды. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол егер банктік кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 56%-дан аспаса, онлайн-кредиттер бойынша ставкалар жылдық 700%-ға дейін және одан жоғары болатынын атап өтті.

«Қарыз шарттарында сыйақының тиімді ставкасын оның мөлшерін жылдық 100% деңгейінде шектей отырып, міндетті көрсету қорғаудың нақты шамасы болып табылады. Осы норманы дайындау кезінде халықаралық тәжірибе пайдаланылды», - деді Д. Ақышев.

Ол әрбір азамат онлайн режимде кредиттік калькулятор арқылы кредиті бойынша нақты ставканың мәнін оп-оңай тексере алатынын атап өтті. «Осындай калькулятордың әдістемесін Ұлттық Банк бекітеді және ол сайтта орналастырылады. Калькулятордың есебі сотта дауды шешуде пайдалану үшін заңды негіз болып табылады. ЖТСМ 100%-дан

асатын қарыздардың шартын сот жасалмады деп таниды», - деп түсініктеме берді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышев сондай-ақ жинақ салымдарын енгізу туралы айтып берді. Ол депозиттің қосымша түрі болатынын атап өтті. «Жинақ салымдары салымшыларға 15 млн теңге мөлшеріндегі кепіл берудің көп сомасы кезінде барынша жоғары кірістілік береді. Жай теңгелік салымдар үшін ол 10 млн. теңге болады. Салымшы салымды алу жөнінде банкке 30 күнде хабарлау талабымен оны мерзімінен бұрын алу құқығын иеленеді», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Данияр Ақышев «7-20-25. Әрбір отбасы үшін баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бағдарламасы туралы айтып берді

Мемлекет басшысының «Әрбір отбасы үшін баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» әлеуметтік бастамасын іске асыру үшін кредитор мен қарыз алушының мүдделері арасындағы мүдделер теңгерімінің сақталуын қамтамасыз ететін құқықтық ортаны құру қажет. Бұл туралы бүгін Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚР Парламенті Сенатының пленарлық отырысында баяндама жасаған кезде айтып берді.

Ол бағдарламаның болашақта орнықтылығының маңызды талабы банк пен борышкердің нарықтық қағидаттарды сақтауы, оның ішінде проблемалық берешекті сотқа дейін реттеу және кепіл кредиторларының басымдығы мәселелерінде сақтау болып табылатынын атап өтті.

«Кепіл институты жан-жақты болуы керек. Кепіл ұстаушының өз талаптарын қанағаттандыру үшін кепіл мүлкін кедергісіз әрі дереу сату мүмкіндігі болуға тиіс. Мұндай түзетулерсіз 7-20-25 бағдарламасын сәтті іске асыру мүмкін емес», - деп қорытындылады Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Д. Ақышевтың айтуынша, заңнамалық түзетулер қабылданған жағдайда, банктер халыққа жақын арада кредиттер бере бастайды.

Сөзін қорытындылай келе Д. Ақышев Сенат депутаттарына осы заң жобасын қарау шеңберінде жүргізген жұмысы үшін алғыс білдірді.

Ол қарастырылып отырған заң жобасының қаржы нарығындағы ахуалды айтарлықтай жақсартуға, біздің азаматтардың құқықтарын қорғауға және экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін ұзақмерзімді қорландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz